

4

Ұлтын сүйген
ұлы жүрек

6

Байкенжеевтің
бай мұрасы

Сыр бойы

16 қараша, сенбі 2024 жыл



www.facebook.com/syrboyi.kz
www.instagram.com/syrboyi_kz
t.me/syrboyi_kz
twitter.com/syrboyi

№176-177 (20850-20851)

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

/// ПРЕЗИДЕНТ

АУЫЛ – ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫҢ АЛТЫН АРҚАУЫ

Кеше Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ауыл шаруашылығы еңбеккерлерінің бірінші форумына қатысты. Президент жиынға қатысушыларды Ауыл шаруашылығы, тамақ және өңдеу өнеркәсібі қызметкерлері күнімен құттықтады.



Мемлекет басшысы форумның елімізде тың игеру науқанын басталғанына 70 жыл толуымен тұспа-тұс келіп отырғанын атап өтті. Президенттің пікірінше, тың игеру науқанының түрлі салдары болғанына қарамастан, ауыл шаруашылығында көптеген өзгеріс жасалды. Қазақстан аз уақыт ішінде әлемдегі астықты елдердің біріне айналды.

– Қазақстан егіс алқабы және жайылымдық жер көлемі жағынан әлемде алтыншы орын алады. Біз бидай экспорттайтын 10 ірі мемлекеттің қатарына кіреміз. Ұн экспорты бойынша көш басындағы елдің біріміз. Биыл түрлі қиындыққа қарамастан, қамбамыз астыққа толды. Күзгі жиындерінде 26,7 миллион тонна дақыл жиналды. Бұл – соңғы он жылдағы рекордтық көрсеткіш. Шын мәнінде, диқандарымыз тамаша нәтижеге жетіп отыр. Құттықтаймын және баршаныңа шынайы ризашылығымды білдіремін! – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент жүйелі жұмыстардың нәтижесінде инфляция деңгейі төмен-

дегенін, ал ұлттық экономиканың өсімі биылғы қаңтар-қазан айларында 4 пайыздан асқанын жеткізді.

– Жыл соңында жалпы құны 1,2 триллион теңгені құрайтын 180 индустриалды жоба іске асырылмақ. Атап айтқанда, Қарағанды облысында катодты мыс, Павлодар облысында феррокорытпа, Қостанай облысында жүк көліктерінің бөлшектері, Жамбыл

облысында цемент, бағалы металл өңдеу өндірісі секілді ірі зауыттар жұмыс істей бастайды. Қазіргі уақытта Алматы облысында вольфрам кенін қайта өңдеу, Қостанай облысында Chevrolet Onix автокөлік маркасын құрастыру, Жамбыл облысында мыс концентраты, Алматы облысында жылу окшаулағыш материалдары және Шымкент қаласында қыш

тақталары өндірістері пайдалануға берілді. Атырау облысында полипропилен шығаратын зауыттың ашылуы мұнай-газ химиясы саласының толықтай қалыптасуына ықпал етті. Алдағы уақытта полиэтилен мен бутадиең өндіру жоспарланған. Маңғыстау облысында еуропалық консорциумның қатысуымен «жасыл» сутегі өндірісі жобасы жүзеге асы-

рылады. Осылайша елімізде озық халықаралық стандарттарға сай және сыртқы нарықта сұранысқа ие өнім өндіретін жана кәсіпорындар құрылып жатыр, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы негізгі мақсат ауыл шаруашылығының дамуына серпін беру екенін айтты.

2-бет

/// ҚАЛА КЕЛБЕТІ

«ЖАСЫЛ ҚЫЗЫЛОРДАНЫҢ» ЖАРҚЫН БАСТАМАЛАРЫ

Басты бағыты қала аумағын жасыл желекпен көмкеру болып саналатын «Жасыл Қызылорда» мекемесі құрылғаны белгілі. Қызылордада тазалық шараларымен қатар, көркейту-көгалдандыру жұмыстарына айрықша назар аударылған.

Біздің өңірде жаз бойы аптап ыстық сақталатыны мәлім. Күн жылына егілген көшеттер дұрыс күтім жасалмағандықтан қурап жатады. Енді мұндай олқылықтың орны толатын кез келген сынайлы.

Мақсат Жүсіп жетекшілік жасайтын «Жасыл Қызылорда» мекемесі биылдан бастап каналдар мен арық жүйелерін тазалап, ұңғыма мен насостар арқылы талдарға су жеткізуді қолға алды. Аллеялар мен орталық көшелердегі гүлзарларды, көгалды күтіп-ұстап, қураған ағаштарды кесу, баптау жұмысын жандандырмақ.

– Күз келісімен арық біткенді қураған шөп пен жапырақ толтырады. Бұл көктем мезгілінде аяқсудың керекті жерге жетуіне айтарлықтай кедергісін келтіреді. Соның алдын алу жұмыстары жүйелі түрде жүргізіліп, қадағаланып отырады. Енді бұл мәселе біржола оң шешімін таппақ. Қазір жана техникалар алына бастады. Мекеме жұмысшылары қаладағы ағаш егілген аумақтарды, парктер мен аллеяларды күнделікті бақылап отырмақ, – дейді мекеме директоры.

2-бет



/// САРАП



ҚАРТТЫҚҚА ҚАЗІРДЕН ДАЙЫНДАЛ НЕМЕСЕ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ЖАҢАЛЫҚТАР

Адамға бейнетінің зейнетін көрудің өзі – бір бақыт. Жылдар бойы өткен еңбегіне жақсы зейнетақы төленгенін кім болса да қалайды. Алайда нарықтық экономиканың талабы басқа. Өз болашағын қазірден ойлап, қарттық өміріне жететіндей қаржы жинауы керек. Жалпы бірыңғай жинақтау жүйесіне қалай келдік, оның маңызы неде деген сауалдарға жауап іздеп көрейік.

Еліміз 1998 жылдан жинақтаушы зейнетақы жүйесіне көшті. Себебі, тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында елімізде зейнетақымен қамсыздандыру ең өзекті мәселеге айналды. Жұмыс істейтін, экономикалық белсенді азаматтардың иығына қарттардың зейнетақысы жүк болып артылды. Ал сол жылдары ел ішін жұмыссыздық жайлап, қиын кезеңдер басталды. 1997 жылдың қаңтарында елде 2,9 миллион зейнеткер болды. Бұл – барлық халық санының 17 пайызы. Зейнетақының өсуі мен зейнеткерлер санының көбеюі мемлекеттік бюджетке қосымша салмақ түсірді. 1995 жылы зейнетақыға 46 миллиард теңге бөлінді, берешектер көбейе берді.

3-бет

/// БІЛІМ

ЖЕМІСТІ ЖОБАЛАР ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУДА

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің Студенттер сарайында оқу орнының ректоры Бейбітқұл Кәрімова атқарылған жұмыстар мен алдағы міндеттер туралы есепті кездесу өткізді. Жиынға зиялы қауым өкілдері, университеттің профессор-оқытушылар құрамы, серіктестер мен студенттер қатысты.



Университеттен білім алғысы келетін жастар көп. Себебі білім беру саласында рейтингі жоғары. Сапалы білім берумен қатар материалдық-техникалық базасы да нығайтып келеді. Халықаралық білім беру бәсекесінде беделі артқан. Университет QS World University Ranking-2025 рейтингі бойынша әлемдегі 1400+ үздік университеттің қатарында. Азия елдері арасында QS Asia Ranking рейтингтік агенттігінің мәліметінше, биыл ТОП 541-

560 қатарына кіріп, Орталық Азиядағы университеттер арасында 34-орынға шықты. Ал UI Green Metric World University Rankings-2023 рейтингінде 1015-ші орында. Алғаш рет Times Higher Education рейтингінде Global University Impact Rankings-2025 индикаторы бойынша нәтиже көрсетті. Оқу ордасы республикадағы ең үздік он университеттің қатарында.

2-бет

Құрметті оқырман

«Сыр бойы» газетіне 6 айға жазылу бағасы:

жекелер үшін – 4000 теңге,
мекемелер үшін – 5000 теңге

2025 ЖЫЛДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫЖЫЛДЫҒЫНА «СЫР МЕДИА» ЖШС-на ҚАРАСТЫ ГАЗЕТТЕРГЕ ЖАЗЫЛУ ЖҮРГІЗІЛУДЕ

БАСПАСӨЗ – 2025

Валюта бағамы \$ 493,85 kzt

€ 519,04 kzt

₸ 4,97 kzt

Ауа райы

+2° +5°

+4° +7°

АУЫЛ – ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫҢ АЛТЫН АРҚАУЫ



– Ауыл шаруашылығы бәсекеге қабілетті озық сала болуы керек. Агроөнеркәсіп кешені экономикадағы басты қозғаушы күштің біріне айналуға тиіс. Бизнес те, мемлекет те осыған мүдделі. Бұл, ең алдымен, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету тұрғысынан маңызды. Ауылдағы ағайынның тұрмысы да осы салаға тікелей байланысты, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде алда атқарылатын жұмыстардың негізгі бағыттарына тоқталды. Атап айтқанда, агроөнеркәсіп кешенін қаржыландыруды жүйелі жүргізу, саланы индустриаландыруды белсенді түрде жалғастыру, ауыл шаруашылығы ғылымын өркендету, селекция мен тұқым шаруашылығын

1-бет

жандандыру, озық технологияларды енгізу, ауыл шаруашылығы техникасының қолжетімділігін арттыру және агроөнеркәсіп саласының экспорттық әлеуетін күшейту мәселелерін қозғайды.

Мемлекет басшысы келесі жылдың Жұмысшы мамандықтары жылы болып жарияланғанын атап өтіп, нағыз еңбек адамдары жоғары деңгейде ұлықталуға тиіс екенін айтты. Президент бұл бастама қоғамда еңбеккерлік пен кәсіби құндылықтарды дәріптеуге ықпал ететініне сенім білдірді.

– Білім мен тәжірибенің ұрпақтан-ұрпаққа жалғасатыны жайында көптеп мысал келтіруге болады. Мұндай сабақтастық шын мәнінде өз ісіне берілген кәсіби мамандарды қалыптастырады. Ауыл шаруашылығы саласында да ұлгі тұтатын еңбек әулеттері жетерлік. Несібісің

қара жерден айырып отырған ауыл тұрғындары отбасы құндылықтарын ерекше сақтайды. Үлкендердің айтқанына құлақ асып, қоршаған ортаға қамқорлықпен қарайды. Мықты фермерлік шаруашылық, әдетте бірнеше ұрпақтың еңбегі арқылы құрылады. Бұл салада табысқа тез жету қиын. Бірақ шаруалар қажырлы еңбек пен төзімнің қайтарымы болатынын жақсы біледі, – деді Мемлекет басшысы.

Форумда Ауыл шаруашылығы министрі Айдарбек Сапаров, «Қайып ата» ЖШС директоры Сырым Ертаев, «Зенченко және К» КС директоры Геннадий Зенченко, Alarko Holding бас директоры Үміт Нури Йылдыз, «Aitas KZ компаниялар тобы» АҚ вице-президенті Рабиға Токсейітова сөз сөйледі.

Президент Жарлығымен Ауыл шаруашылығы, тамақ және өңдеу өнеркәсібі қызметкерлері күні қарсаңында елдің агроөнеркәсіп кешеніндегі жемісті еңбегі, отандық ауыл-шаруашылық инфрақұрылымның дамуына қосқан үлесі үшін бір топ сала өкілдеріне мемлекеттік наградлар табысталды.

Атап айтқанда, «Қазақстанның Еңбек Ері» атағы мен «Отан» ордені «Зенченко және К» серіктестігінің бас директоры Геннадий Геннадьевич Зенченкоға берілді. Сонымен қатар ауыл шаруашылығы саласының бір топ еңбеккері ІІ және ІІІ дәрежелі «Барыс», «Парасат», «Құрмет», ІІІ дәрежелі «Еңбек Данқы» ордендерімен және «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталды.

Бұдан бөлек, Президент ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілердің көрмесін тамашалады. Көрмеде терең өңделген өнімдер, заманауи агротехнологиялар, инвестициялық, соның ішінде шетелдік инвесторлардың қатысуымен жүзеге асырылып жатқан жобалар ұсынылған. Мемлекет басшысына егін және мал шаруашылықтарындағы, басқа да маңызды бағыттардағы инновациялық шешімдер мен жетістіктер таныстырылды.

Ауыл шаруашылығы еңбеккерлерінің бірінші форумына еліміздің түкпір-түкпірінен 2 мыңнан астам адам жиналды. Іс-шараға агрохолдингтердің өкілдері, фермерлер, шаруа қожалықтарының жұмысшылары, сондай-ақ қоғамдық бірлестіктердің мүшелері мен инвесторлар қатысты.

ЖЕМІСТІ ЖОБАЛАР ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУДА

– Жаңа форматта кәсіптік бағдар беру жұмысын жүргізудің нәтижесінде жыл сайын студенттер саны артауда. Оның ішінде мемлекеттік тапсырыс негізінде білім алушылардың саны да еселенуде. Бүгінде университетте 10 512 студент білім алса, оның 4905-і – грант иегері. Биыл тұңғыш рет өзге өңірлерден келген 151 бала 1-курсқа қабылданды. Сондай-ақ Қытай, Моңғолия, Өзбекстан және Ресейден келген 46 шетелдік студент білім алууда, – деді ректор.

Оқу ордасында академиялық ұтқырлық бағдарламасы жүйелі дамуда. Бағдарлама аясында 77 студент еліміздің, 138-і шетелдің жоғары оқу орындарына жіберілді. Білім алады, тәжірибе алмасады, 26 студент Президент стипендиясының иегері, 21-і жоғары оқу орындары арасындағы ғылыми-зерттеу жұмысына байқауының, 80-і республикалық пәндік олимпиадалардың жеңімпазы. Түлектердің жұмысқа орналасу деңгейі 85 пайызды құрайды. Кадр даярлау 140 білім беру бағдарламасы бойынша жүзеге асырылады. Нақты айтар болсақ, «Ташкент ирригация және ауыл шаруашылығын механикаландыру инженерлері институты» ұлттық зерттеу университетімен 6 бірлескен білім беру бағдарламасы әзірленді. Қос диплом бағдарламасы бойынша Мәскеу авиация институтының «Восход» филиалы және Ж.Баласағұн атындағы Қырғыз ұлттық университетімен бірлескен 2 білім беру бағдарламасы қарастырылууда. Президент тапсырмасы бойынша Ғылым және жоғары білім министрлігі жасапды интеллект саласында мамандар даярлау үшін 3 университет таңдап алынды. Олар – Сотбаев университеті, Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті және Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті. Бұл да оқу ордасы үшін жемісті еңбек, жетістік.

– Корея Республикасы үкіметінің қаржыландыруы негізінде Сеул ұлттық ғылым және технология университетімен бірлесіп «IT-кадрлардың қайта құрылымдау және жасанды интеллекттің жаңа мектебін құру» жобасы әзірленді. Жоба 7 жылға есептелініп, оқу үдерісіне жаңа технологияларды енгізу, жасанды интеллект және бизнес-инкубация мектебін құру, озық университет құру тәжірибесін беруді көздейді. Жоба аясында былтыр университетте Жасанды интеллект институты ашылды. Биыл SeoulTech компаниясымен қос дипломды «AI архитекторы», «Деректерді басқару» білім беру бағдарламасы бойынша кадрларды даярлау туралы келісімге қол қойылды. Бұл бағдарламалар келер жылы іске қосыламыз, – деді Б.Кәрімова.

Университет кадрлық әлеуетті дамытуға ерекше көңіл бөледі. Профессор-оқытушылар құрамының штаттық саны 474 адам, оның 18-і ғылым докторы, 182-і ғылым кандидаты, 48-і PhD докторы. Оқу үдерісіне 58 практик-маман, Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Шетелдік ғалымдарды тарту» бағдарламасы және университет қаражаты есебінен Ресей, АҚШ, Канада, Түркия сынды елдерден 22 ғалым мен оқытушы тартылды. Ғылыми-зерттеу жұмыстары бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру, гранттық қаржыландыру, жергілікті атқарушы органдар мен кәсіпорындардың тапсырыстары, сондай-ақ халықаралық келісімдер бойынша түрлі жобалар аясында жүзеге асырылады.

Биыл ғылымнан түскен жалпы табыс та артқан. 2021 жылдан бері университет ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін 40 жасқа дейінгі жас ғалымдарға арнайы грант бөліп келеді. Бүгінде дейін 33 жобаға 50 млн теңге қаржылай қолдау көрсетілді.

Зерттеулердің нәтижелерін жариялау үшін университет 8 ғылыми журнал шығарады. Оқу орнында 21 жастар ұйымы мен 11 спорт секциясы жұмыс істейді. Жатақхана мәселесі оқу шешімін тапқан. Сонымен қатар материалдық-техникалық базаны дамытуды қаржыландыру жылдан жылға артауда. Заман талабына сай жаңа кабинет, зертханалар ашылды. Облыс әкімінің қолдауымен және демеушілер есебінен ботаникалық бақты жаңғыртуға, жаңа жылыжай құрылысына, коворкинг орталығына қаржы қаралып, тиісті жұмыстар атқарылды.

Жиын барысында университет ректоры жалақы, цифрландыру, интернет жылдамдығының сапасын арттыру, оқу үдерісін автоматтандыру, электронды құжат айналымы қызметі сынды ауқымды істерге де кеңінен тоқталды. Сонымен қатар оқу орнының академиялық білім беру, ғылыми-зерттеу, халықаралық қатынас, әлеуметтік қызмет және цифрландыру бағыттары бойынша жұмыстары айтылды.

Алда атқарылар ауқымды істер жайы да талқыланды. Оқыту сапасын бақылайтын мониторинг-ті күшейту, университеттің халықаралық аренадағы рейтингін ілгерілету, шетелдің жетекші университеттерімен қос дипломды, бірлескен білім беру бағдарламаларының санын көбейту көзделген. Бұдан бөлек, ғылыми-зерттеу жұмысынан түсетін табыс пен ғалымдардың өңірлік экономиканың дамуына қосқан үлесін арттыру, университет қызметін цифрландыру және автоматтандыру, инфрақұрылымды дамыту және материалдық-техникалық базаны жақсарту сынды жұмыстар жалғасын таба беретіні айтылды.

Кездесуде шетелдік қандастарға 19 білім гранты табысталды. Солардың бірі – Ардақ Сандұғаш. Ол «Қорқыт ата университетінде тегін білім алуға мүмкіндік алғанымашын жүректен қуаныштымын. Шетелде жүрген қандастар үшін тарихи отанына келіп білім алу – үлкен арман. Менің тілегім орындалды. Өз ана тілімде оқып жатқанымды мақтан етемін. Ұстаздарыма алғыс айтамын» деді.

Жиында Түркияның Османғазы университетінің оқытушысы Метин Эрдоган, Оңтүстік Кореяның Сеул ұлттық ғылым және технологиялар университетінің профессоры, Қорқыт ата университетімен бірлескен халықаралық LUPIC жобасының жетекшісі Джеусу Ким және К.Ушинский атындағы Ярославль мемлекеттік педагогикалық университетінің орталық директоры, ғалым Михаил Корсаков өз ойларын бөлісті.

Кездесу Халықаралық студенттер күніне арналған студенттік халық аспаптар оркестрінің концертіне ұласты.

Сара АДАЙБАЕВА,
«Сыр бойы»

1-бет



«ЖАСЫЛ ҚЫЗЫЛОРДАНЫҢ» ЖАРҚЫН БАСТАМАЛАРЫ

Қызылордада шілдігер шілдеде тал көлекесінде болмаса көше бойында жүру мүмкін емес. «Жасыл Қызылорда» жасыл желекті баптап, құрт-құмырсқадан қорғаудың түрлі тәсілін қолға алуда.

– Бүгінде мекеме қызметкерлері қала аумағындағы арық жүйелеріне күзгі тазалау жұмыстарын жүргізіп, аяқсу арналарын қалпына келтіруде. Жалпы қала аумағына Сырдария өзені мен каналдар арқылы 19 су насосы орнатылған. «Жасыл Қызылорда» мекемесі көше бойларын, саябақтар мен скверлерді гүлмен көмкерді. Шаһар аумағын көгалдандырып, көріктендіру үшін 640500 дана роза, қан, қатарантус, цинния, петунья, тагетис, бархат, цинерария, пеларгония гүлдері әкелінді. Олар Тұңғыш Президент саябағы, «Сыр ана» монументі, облыстық әкімшілік ғимараты алды, Жалаңтөс баһадүр ескерткіші, Назарбаев данғылы бойы, қуғын-сүргін құрбандарына арналған ескерткіші аумағы, қалалық әкімшілік ғимараты, «Қаламгерлер аллеясы», Б.Шөкенов саябағы, «Тағзым алаңы» мен Жанқожа батыр ескерткіші аумағына отырғызылды. Гүлдер қала

1-бет



көшелеріне сән беріп, адамға ерекше көңіл-күй сыйлайды, – дейді Мақсат Жүсіп.

Табиғатпен тіл табысып, шаһар аумағын гүлдендіріп, жайқалту – біздің міндет. «Атадан мал қалғанша, тал қалсын» дейді халық даналығында. Бабалар өсіретін бағдар еткен бүгінгі буын тал егуде тосылмайды. Қызылорда жаз бойы жасыл желекке малынып, жай-қалып тұрса көз сүйсініп, көңіл қуанады. Әр тұрғынның есік алдына тал егуді дағдыға айналдырғаны дұрыс. Туған жерді түрлендіріп, қоғамдық орынды

таза ұстау – баршамызға ортақ парыз.

«Біз табиғаттың өзін қайта түлететін ұрпақпыз. Әрбір ағашты, әрбір бұтақты, жалғыз дөңді де ыждағаттылықпен сақтау, қамқор болу – басты міндеттің бірі» деген Ыбырай Жақаевтың сөзі ұлтқа ұран, ұрпаққа үлгі боларлық.

– Жаз мезгілінде саябақтарды тазалау, гүл егу, баптау жұмыстарымен айналысамыз. Көше бойындағы талдарды балақтап, қураған, сынғандарын анықтап, кесеміз. Ал қыстың күндері өзіміздің жылыжайда гүл өсірумен

айналысамыз. Көктем басталысымен қала көшелеріне көшеттеп, отырғызамыз. Қыс айында қосымша қар тазалау жұмысымен айналысып, қала тазалығына атсалысамыз. Бұл бағыттағы жұмыс тұрақты түрде жалғасын таба бермек, – дейді бағбан Гаухар Ержанова.

Қаланы көркейту-көгалдандыруға былтыр жергілікті бюджеттен 484,7 млн теңге бөлініп, орталық аймаққа гүлдер мен газондар отырғызылды. Арық жүйелері тазартылып, жасыл екпелер егіліп, суарылды.

Қызылорда қаласын аяқсумен қамтамасыз ету мақсатында «Жібек жолы» және «Қызыл-жарма» арналарын күтіп-ұстау, пайдалану, сондай-ақ олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жұмыстарына да қаржы бөлініп, бірталай жұмыс атқарылды. Жыл сайын көктем және күз мезгілінде қала аумағында көркейту және көгалдандыру айлығы қарқынды ұйымдастырылады. Аталған шараға қала тұрғындары мен мекеме қызметкерлері қатыстырылды. Қала аумағындағы талдарға химиялық өңдеу жұмыстары жүргізілгенін айта кету керек.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ,
«Сыр бойы»

ЖОБА

«ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ БОЙЫНША БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫНДА МЕМЛЕКЕТТІК АҚПАРАТТЫҚ САЯСАТТЫ ЖҮРГІЗУ ҮШІН САТЫП АЛЫНАТЫН КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕРДІ ҚҰНЫН АЙҚЫНДАУ ӘДІСТЕМЕСІН БЕКІТУ ТУРАЛЫ» ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІНІҢ 2022 ЖЫЛҒЫ 24 НАУРЫЗДАҒЫ № 514 ҚАУЛЫСЫНЫҢ КҮШІ ЖОЙЫЛДЫ ДЕП ТАҢУ ТУРАЛЫ

«Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қызылорда облысы бойынша бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу үшін сатып алынатын көрсетілетін қызметтердің құнын айқындау әдістемесін бекіту туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2022 жылғы 24 наурыздағы №514 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу

тізілімінде № 27331 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының
әкімі Н.НӘЛІБАЕВ

Зейнетке шыққанда лайықты төлем алу үшін жинақтаушы зейнетақы жүйесі бір ұрпақтың толық еңбек ету кезіне тең уақыт жұмыс істеп тұруы керек. Бұл – 40 жыл уақытты алатын, яғни 2038 жылы аяқталып, өз мәресіне жететін кезең. Қазір елімізде мемлекеттік және жинақтаушы құрамдауышты камтитын көпдеңгейлі (аралас) зейнетақы жүйесі жұмыс істейді. Бірінші деңгей – барлық отандық зейнеткерлерге арналған базалық зейнетақыны, 1998 жылға дейін кемінде 6 ай еңбек өтілі бар адамдарға ортақ зейнетақыны қамтиды. Екіншісі – жұмыскерлердің міндетті 10% жарналарын, жұмыс берушілердің есебінен міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын – зиянды, қауіпті өндірістерде жұмыс істейтін жұмыскерлер табысының 5% мөлшерін қамтиды. Биылдан бастап жинақтаушы жүйе жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарымен толықтырылды, олар тек 1975 жылы, одан кейін туған қызметкерлерге арналып жүзеге асырылады. Бұл шара ортақ зейнетақыны пайдалануға мүмкіндігі жоқ қызметкерлердің көрсетілген санатын зейнетақының неғұрлым жоғары деңгейімен қамтамасыз ететін болады. Үшінші деңгей жеке және корпоративтік ерікті зейнетақы жарналарынан тұрады. Нәтижесінде, зейнетақы төлемдері екі көзден, яғни мемлекеттік бюджеттен базалық және ортақ зейнетақы түрінде, БЖЗК-дан жарналар мен есептелген инвестициялық кіріс есебінен жүргізіледі.

Демография әсері

Қазір әлемде ерекше демографиялық ахуал қалыптасып отыр, яғни өмір сүру ұзақтығы мен қарт адамдар санының өсімі байқалады. Деректерге сүйенсек, 2021 жылы еліміздегі өмір сүру ұзақтығы 70,23 жас болса, өткен жылы 75,09 жасқа дейін өскен. Қазақстанда 2050 жылға қарай Ж.Боже-Гарнье – Э.Россеттің демографиялық картауы шаласына сәйкес 60 және одан жоғары жастағы адамдардың үлесі 17,3%-ға жетеді. 2050 жылға қарай орта есеппен әрбір алтыншы қазақстандық 60 немесе одан жоғары жаста болатынын көрсетеді.

Ал бала туу көрсеткіші едәуір төмендеген. БҰҰ дерегі бойынша елімізде 2023 жылы туудың жалпы коэффициенті бір әйелге шаққанда 3,05-тен 2,96 балаға дейін төмендеген. Халықаралық ұйымның болжамына сәйкес, 2050 жылға қарай бұл көрсеткіш 2,42 балаға дейін төмендейді. Бұл – жандық үрдіс. Мамандар мұндай құбылыс еңбекке қабілетті 1 адамға шаққандағы демографиялық жүктемені арттыра түседі деп тұжырымдайды.

Ұлттық статистика бюросының деректеріне сүйенсек, 2024 жылдың 1 шілдесінде халық саны 20 млн 160 мың адамға жеткен. Оның ішінде 25 жасқа дейінгілері – 8,5 млн (42,6%), 25 жасқа 65 жасқа дейінгілер – 9,7 млн (48,5%), 65 жасқа асқандар – 1,8 млн адам (8,9%). Жалпы еліміздегі халық саны 2050 жылдың соңына қарай 26,3 млн-ға жетеді деп болжанып отыр.

Қазіргі демографиялық сыңақтар ерекше қоғамға зейнетақымен қамсыздандыруға байланысты

1-бет



Анна Кереметова. Иллюстрация: Г. Оспанов

ҚАРТТЫҚҚА ҚАЗІРДЕН ДАЙЫНДАЛ немесе зейнетақы жүйесіндегі жаңалықтар

маңызды міндет қойып отыр. Бұл міндетті демографиялық, экономикалық қиындықтарға неғұрлым тегеурінді, төзімді бола алатын жинақтаушы зейнетақы жүйесі шешеді.

Зейнетақы жүйесінің түрлері

«БЖЗК» АҚ стратегиялық даму департаменті директорының орынбасары Азат Сапин қазір әлем елдері үлестіруші жүйеден жинақтаушыға көшіп жатқанын айтады. Бүгінде жинақтаушы жүйе активтерінің үлесі 58 пайызды құраған.

– Әлемде зейнетақы жүйесінің классикалық 2 типі бар. Олар – таратушы және жинақтаушы. Әрбір ел халықтың демографиялық құрылымына, экономикалық даму деңгейіне және әлеуметтік саясатына қарай, осы типтердің сол немесе өзге комбинациясын немесе гибриді (шартты-жинақтаушы немесе балдық жүйелер) пайдаланады. Енді осы екі жүйеге түсініктеме бере кетейік. Таратушы жүйе салық түсімдерінің, ал жинақтаушы жеке жинақтау шотындағы зейнетақы жарналары есебінен төленеді. МСГРІ ғаламдық зейнетақы индексі осы жүйелерге терең әрі кешенді талдау жүргізеді. Осы зерттеулер нәтижесінде алғашқы орында Нидерланд, Исландия, Дания елдері болса, Қазақстан 64 балмен 24-орынды еншіледі. Бұл қорытынды лайықтылық, тұрақтылық, тұтастық индикаторлары бойынша есептелгенін айта кетугіміз керек, – дейді ол.

Кейінгі 20 жыл ішінде таратушыдан жинақтаушы жүйеге көшкен мемлекеттер саны артып келеді. Демек бүгінде жинақтаушы активтерінің өсу қарқыны жылына 8%, таратушы жүйе небәрі 3,7%-ды құрайды.

1999 жылы жинақтаушы зейнетақы жүйесі бар елдер саны 17 болса, 2022 жылы 51 болды. Қазіргі уақытта Германия және Нидерланд сияқты елдер дәстүрлі ДВ (таратушы) жүйесінен ДС (жинақтаушы) жүйесіне өтуде. Бұл жүйе макроэкономикалық тұрақтылыққа, экономикалық өсуді ынталандыруға, еңбек қатынастарын ресімдеуді арттыруға ықпал етеді.

Зейнетақы қайда инвестицияланады?

Түрлі қиындықтарға қарамастан еліміздің зейнетақы жүйесі қаржылық тұрақтылық пен активтердің өсуін сақтап келеді. Олар – таратушы және жинақтаушы. Әрбір ел халықтың демографиялық құрылымына, экономикалық даму деңгейіне және әлеуметтік саясатына қарай, осы типтердің сол немесе өзге комбинациясын немесе гибриді (шартты-жинақтаушы немесе балдық жүйелер) пайдаланады. Енді осы екі жүйеге түсініктеме бере кетейік. Таратушы жүйе салық түсімдерінің, ал жинақтаушы жеке жинақтау шотындағы зейнетақы жарналары есебінен төленеді. МСГРІ ғаламдық зейнетақы индексі осы жүйелерге терең әрі кешенді талдау жүргізеді. Осы зерттеулер нәтижесінде алғашқы орында Нидерланд, Исландия, Дания елдері болса, Қазақстан 64 балмен 24-орынды еншіледі. Бұл қорытынды лайықтылық, тұрақтылық, тұтастық индикаторлары бойынша есептелгенін айта кетугіміз керек, – дейді ол.

Жалпы зейнетақы активтері қалай және қайда инвестицияланады деген сауал кім-кімді де ойландыратыны анық. Бұл сауалымызға ҚР Ұлттық банк мониторинг операциялар департаментінің өкілі Дария Матайбаева жауап берді.

– 2014 жылғы сәуірден (шоғырландырудың аяқталуы) 2024 жылғы қазанға дейінгі кезеңде зейнетақы активтерінің жинақталған кірісі 151,4 пайыз мөлшерінде жинақталған инфляция кезінде 167,9 пайызды құрайды. 2015 жылдан 2024 жылға дейінгі он жылдағы зейнетақы активтерінің орташа жылдық табысы инфляция болған кезде 10,2 пайызды құрайды. БЖЗК инвестициялық декларациясында белгіленген валюталық портфельді нысаналы стратегиялық бөлу шеңберінде

шетелдік басқарушы компанияларға 2018 жылдың наурызынан бастап кезең-кезеңімен 7,4 млрд АҚШ доллары берілді. Шетелдік басқарушы компанияларға активтерді беру дегеніміз қаражаттың нақты аударымы емес, бұл компанияларға активтерді басқару өкілеттіктерін беріп, ал активтердің өзі қастодиан банктегі Ұлттық банктің шоттарында қалады. Жыл басынан бері зейнетақы активтерінің портфелін әртараптану үшін 30 пайыздан төмен емес валюталық үлесті қолдау мақсатында 3,6 млрд АҚШ доллары сатып алынды. Валюталық позиция жыл басынан қазан айының қорытындысы бойынша 31,7-ден 39,7 пайызға ұлғайды. БЖЗК зейнетақы активтерінің портфелі 4 трлн теңгеден 21,3 трлн теңгеге дейін өсті. 2016 жылдан зейнетақы активтерінің валюталық үлесі 17-ден 39,7 пайызға дейін кезең-кезеңімен артты, – дейді ҰБ өкілі.

Жүйедегі жаңалықтар

Кейінгі екі жыл зейнетақы жүйесі үшін жаңалықтарға толы болды. Өткен жылдың 1 шілдесінде күшіне енген Әлеуметтік кодекстің ережелеріне сәйкес, міндетті зейнетақы жарналарын барлық санаттағы еңбеккерлер төлеуге міндеттелді. Жеке кәсіп жасап жүргендер де, халықаралық ұйымдар мен шетелдік дипломатиялық, консулдық мекемелерде жұмыс істейтіндер де зейнетақы жарнасын төлей бастады. Зейнетке еңбек сіңірген жылдары бойынша шыққан адамдарға міндетті жарналар есебінен қалыптастырылған жинағының барлығын тұрғын үй жағдайын жақсартуға немесе әмделуге жұмсауға мүмкіндік берілді. Жерлеуге берілетін бір

реттік төлемнің сомасы көбейтілді. Азаматтардың қажеттіліктерін ескере отырып, БЖЗК-ның цифрлық зейнетақы қызметтерінің деңгейі 92%-дан асты.

Биыл да жаңалықтар аз болған жоқ. 1 қаңтардан бастап Мемлекет басшысының тапсырмасымен «Ұлттық қор – балаларға» жобасы аясында әр баланың жинақтау шотына 100 АҚШ доллары 52 центі мөлшерінде ақша түсіп, оны быыл көмекке толған азаматтар тұрғын үй немесе оқу ақысын төлеу мақсатына пайдалануға мүмкіндік алды.

Жыл басынан бері жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары (ЖМЗЖ) төлене бастады. ЖМЗЖ мөлшері қызметкердің айлық табысының көлеміне байланысты, оны жұмыс беруші өз есебінен аударады. Биыл 1,5% мөлшерден басталған сома 2028 жылы қызметкер табысының 5%-ы мөлшеріне жеткізілімек. Бұл 1975 жылдан кейін туған, зейнетақы мөлшері зейнетақы аударымдарына тікелей байланысты болатын отандастарымызды қолдауға бағытталған. Зиянды еңбек жағдайында жұмыс істейтін жұмысшыларға арналған зейнеткерлікке дейінгі төлемдер енгізілді. Міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ) кемінде 84 ай аударылған қызметкерлерге 55 жасқа толғаннан бастап қолжетімді болады.

Зейнетақы активтерін инвестициялаумен Ұлттық банк айналысады. Ал 2021 жылдан бастап мұндай қызмет инвестициялық портфельді басқарушыларға (ИПБ) да берілді. Біздің жинағымызды сақтау ғана емес, сонымен қатар көбейту де – олардың тікелей міндеті.

Әлеуметтік кодекстің қабылдануымен қатар салымшылардың инвестициялық кіріс алу мүмкіндіктері де кеңейді. Енді МЗЖ мен МКЗЖ есебінен 50% мөлшерге дейін, ерікті зейнетақы жарналарын (ЕЗЖ) 100%-ға дейін пайдалану мүмкіндігі туыды. Мемлекет МЗЖ мен МКЗЖ есебінен түзілген зейнетақы жинақтарының Ұлттық банктің басқаруындағы бөлігін сақталуына инфляция деңгейін ескере отырып, кепілдік береді. Ал МЗЖ мен МКЗЖ жинақтарының инвестициялық портфельді басқаруына берілген бөлігін сақталуына салымшы таңдаған ИПБ жауапты.

Бұл ретте БЖЗК зейнетақы жинақтарының, оның ішінде инвестициялық кірістің де есебін жүргізуді жалғастыра береді. Салымшылар ұялы қосымшадағы жеке кабинетте ИПБ-ның өздері үшін қанша ақша тапқаны туралы ақпаратты көре алады. Ал мамандар инвестициялық қызметтің нәтижелерін кем дегенде бір жыл ішінде бағалауға кеңес береді. 2021 жылдың 15 наурызынан 2024 жылдың 1 қазанына дейінгі аралықта 41 936 өтініш бойынша 57,5 млрд теңге сенімгерлік басқаруға берілген.

Бір сөзбен айтқанда, қарттық кезеңде қалай өмір сүретінін бүгін еткен еңбегіңе байланысты болмақ. Зейнетке шыққан соң алатын қаражатты бүгіннен жоспарлап, оны басқаруды үйренудің артығы жоқ сияқты.

Айсәуле ҚАРАПАЕВА,
«Сыр бойы»

БРИФИНГ

СПОРТ: СЫРДА ҮЛКЕН СЕРПІН БАР

Салада биыл жағымды жаңалық аз емес. Үш мыңға жуық спортшы 342 халықаралық және республикалық жарысқа қатысып, ел намысын қорғады.

Жерлестеріміз Әлем және Азия біріншіліктері мен кубоктарынан 43 алтын, 30 күміс және 29 қола медаль жеңіп алды. Ал ел біріншіліктері мен кубоктарынан 747 медаль, (оның 252-сі алтын, 222-сі күміс, 273-сі қола) иеленді.

Облыстық денешынықтыру, спорт және туризм басқармасы басшысының міндетін атқарушы Жұлдыхан Ерқосаев бұл туралы брифингте айтып берді.

Өткен 10 айдың көрсеткіштеріне назар салсақ, осы жылы 3 ҚР халықаралық дәрежедегі спорт шебері, 29 ҚР спорт шебері, 814 ҚР спорт шеберлігіне кандидат спортшы әзірленді. Бұдан бөлек, биыл жалпы спорт түрлері бойынша Ұлттық құрама командасына облыстан 690 спортшы енді.

– Облыс әкімінің бастамасымен қала және аудандарда заманауи үлгіде бірнеше спорт кешені қолданысқа берілді. Атап айтқанда, өткен жылы 13 спорт кешенінің құрылысы жүргізіліп, оның 9-ы табысталды. Осы жылға өтпелі 4 нысанның құрылысы аяқталып, жыл соңына дейін пайдалануға берілімек. Ал аудандарда жалпы құны 4,7 млрд теңгені құрайтын 10 спорт кешенінің құрылысы жүргізіліп жатыр. Сол жағалауда стадионның іргетасы қаланғанын білесіздер. Сондай-ақ Қазақстан футбол федерациясының «ALAN» бағдарламасы аясында Ғ.Мұратбаев атындағы стадионның қосалқы алаңы күрделі жөндеуден өтіп, елігілігіне табысталды. Демеушілік көздерден шілде айында Жалағаш және Шиели аудандарында 2 шағын спорт кешенінің құрылысы басталды, – деді ол.

Тағы бір жағымды жаңалық, жақында заманауи үлгідегі «Үстел теннисі» орталығы пайдалануға берілді.

Нақты кезеңде аймақта 328 597 адам (халықтың 39 пайызы) денешынықтыру және спортпен жүйелі түрде шұғылданады. Бұдан бөлек, жыл басынан бері облыста бұқаралық денешынықтыру мен спорттың насихаттау мақсатында 985 спорттық іс-шара өткізіліп, оған 127 мың адам қатысқан.

«СБ» ақпарат

ӘЛЕУМЕТТІК ҚЫЗМЕТТІҢ ИГІЛІГІ

Қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі тарапынан халықты әлеуметтік қорғау бағытында ауқымды жұмыстар атқарылып отыр. Бөлім 14 мемлекеттік қызмет түрін көрсетеді, оның 13-і әлеуметтік төлемдер, 1-і көші-қонға арналған.

Халықтың әлеуметтік тұрғыдан осал топтарына тиісті көмек көрсетілуде. Атап айтқанда, 1 қазанға дейін 4351 отбасына (22 426 адам) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек тағайындалса, 3645 отбасының 1-6 жастағы 6920 баласына қосымша төлем берілді. Сондай-ақ 6300 жеткіншектің жол жүру ақысы, 565 отбасыға (1905 адам) тұрғын үй көмегі берілді.

Жекелеген санаттағы екінші дүниежүзілік соғысқа қатысушылар мен мүгедектеріне, қаз тапқан жауынгерлердің қайтадан некеге отырмаған жесірлеріне, үйі өртенген, екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында кемінде 6 ай жұмыс істеген тыл ардагерлеріне, Ауған

соғысының, Чернобыль, Кенес әскерінің мүгедектеріне және Семей апатынан зардап шеккен азаматтарға, өзге де әлеуметтік қолдауды қажет ететін 2374 адамға әлеуметтік көмек төленді. Осындай қолдау мүгедектігі бар адамдарды оңалту шараларын жүзеге асыру бойынша 1146 жеке көмекші, 17 ымыдау тілі маманының қызметіне көрсетілді. Оған қоса 14 инвентарға, үйде тәрбиеленіп және оқытылатын 544 мүгедектігі бар баланы материалдық қамтамасыз етуге тиісті қаржы жұмсалды. Мүгедектігі бар адамдар мен қарттарға үйде қызмет көрсету бөлімшесі арқылы арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетілуде. Нәтиже-



Фото: Аманжол Держекеев

сінде бөгде адамның көмегіне мұқтаж 178 жалғызбасты қартқа осындай қамқорлық жасалды. Ал 223 мүгедектігі бар балаға үйден арнаулы әлеуметтік қызмет көр-

сету бөлімшесі арқылы 24 әлеуметтік қызметкер көмек берді.

Бөліме қарасты «Отбасын қолдау» орталығы мамандары жыл басынан бері баспана ма-

селесіне байланысты 871 кеңес берсе, одан өзге құқықтық және жеке консультация, гуманитарлық көмек жайында көптеген өтініш назарға алынды. «Зекет және қайырымдылық» қорынан 262 отбасыға азық-түлік, 27 отбасыға көмір берілді. Сондай-ақ Халықаралық әйелдер күніне және Наурыз мерекесіне орай «Наурыз шапағаты» қайырымдылық шарасы аясында демеушілер 840 отбасыға азық-түліктей көмек көрсетті. Ал «Мектепке жол» акциясы аясында «Отбасын қолдау» орталығына тіркелген 132 тұрмысы төмен отбасының 300 баласына «Зекет және қайырымдылық» қоры арқылы көмек көрсетілді. Қала бойынша «Алтын дән» мерекесі аясында тұрмысы төмен, мүгедектігі бар адамдар, мүгедектігі бар бала асырап отырған 1000 отбасына қайырымдылық шарасы өткізілді.

Жыл басынан 1311 азаматқа

мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуына құжатын өткізуге ықпал жасалды. Соның нәтижесінде 360 азамат қоғамдық жұмысқа, 492 адам жастар тәжірибесіне жолданды. Өмірлік кийін жағдайға ұшыраған 21 ана «Қамқорлық» дағдарыс орталығына орналастырылып, мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекке құжат тапсыруына қолдау көрсетілді.


Қалалық дене тәрбиесі, спорт және туризм бөлімі тұрмысы төмен 6870 көпбалалы отбасыға «Мүз айдыны» және «Евразия» спорт кешеніне тегін талон таратты. Сонымен қатар, биыл шілде айынан бері арнайы орталықта жеке кәсіпкерлер курстар ашып оқытуда. Оған қатысушылар маникюр, тігу және пішу, массаж, шаштараз бағытында білімін жетілдіреді, тұрмысы төмен, мүгедектігі бар бала асырап отырған аналар сертификат алды.

«СБ» ақпарат

Ташкент қаласында Өзбекстан Республикасы Министрлер Кабинетінің жанындағы Қуғын-сүргін құрбандарын еске алу Мемлекеттік музейінде Орталық Азиядағы жәдиттік қозғалыстың көрнекті өкілі, педагог-ағартушы, саяси қайраткер Қоңырқожа Қожықовтың қоғамдық-саяси және ғылыми-педагогикалық шығармашылығына арналған «Орталық Азиядағы жәдитшілік феномені: тұлғалар мен тағдырлар» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. Онда жәдитшілік құбылысының тарихын ғылыми қалпына келтіру, беймәлім болып келген жәдитшілерді тұлғаландыру, педагог-ағартушы, саяси қайраткер Қоңырқожа Қожықовтың қоғамдық-саяси қызметі мен ғылыми-педагогикалық мұрасын насихаттау туралы айтылды.

Бүгін Самарқан қаласында Серәлі Лапиннің қабіріне зиярат ету, мемориалдық музейде дөңгелек үстел отырысы өткізіледі.

Біз Қоңырқожа Қожықовтың Түркістан өлкесіндегі қоғамдық-саяси қызметі мен мәдени мұрасы туралы мақаланы оқырман назарына ұсынып отырмыз.



Коллаж К.Оржабаев

ҰЛТЫН СҮЙГЕН ҰЛЫ ЖҮРЕК

Шығыс өркениетінің отаны саналған Сыр өңірінде қазақтың небір оқымыстылары мен даналары өмір сүріп, елдің ауызбірлігін сақтай білген. Қазақ қоғамын оқу-ағартуда, мәдениетін көтеруде, әлеуметтік ахуалын жақсартуда ауылдарда мешіт пен медресе салдырған, елдің, жердің қамын ойлаған алғыр да болымды азаматтар көптеп шыққан. Олар замана желінен қаймықпай, халқының келешегі мен бақыты үшін ешнәрседен қорықпай, өз өмірінен төрі ұлт мүддесін жоғары қойды. Қылышынан қан тамған қуғын-сүргін орнағанда игі жақсылардың қаншасы жазықсыздан-жазықсыз атылып кетті.

Алаштың біртуар зиялысы ағартушы, алғашқы «Әліппе» оқулығының авторы, реформатор педагог, мәдениет тарихын зерттеуші Қоңырқожа Қожықов түркі-мұсылман халықтарының ұлт-азаттық қозғалысы тұсындағы кезінде А.Байтұрсынұлы, М.Тынышбаев, М.Шоқай, М.Дулатов, С.Асфендияров, С.Ахаев, М.Есолов, О.Жандосов, С.Қожанов және тағы басқа көптеген қайраткерлермен етене араласып қызмет еткен. Шыңдығына келгенде, оның отандық тарих ғылымында азаттық жолында атқарған еңбектері әлі күнге дейін терен зерттелмей, өз бағасын алмай келеді.

Республикаға танымал өлкетанушылар мен тарихшылар, жазушылар оның өмірі мен атқарған қызметі жайлы тәуелсіздіктен кейін қалам тартып, баспасөз бетіне шығара бастады. Биыл репрессияға ұшыраған қазақ зиялыларының мұрасын зерттейтін «Арыс» қоры осы шыққан материалдарды біріктіріп, «Қоңырқожа Қожықов – ұлттық элитаның көрнекті өкілі» атты кітапты тарих ғылымының докторы, профессор Хазретәлі Түрсынұнның жетекшілігімен басып шығарады. Онда Қоңырқожаның кім болғаны, қандай қызметтер атқарғаны турасында жазылған деректер мен дәйектер топтастырылған. Әсіресе, оқу-ағарту жолында барынша іздене жұмыс жасағаны айтылады. Қазақ балалары үшін арнайы «Әліппе» оқулығының үлгісін жазып, оны баспадан шығаруы ағарту саласының дамуына, өркендеуіне, білімді жетілдіруге қосқан зор үлесі екені айдан анық. Одан басқа да еңбегі ұшан-теңіз.

Кітаптағы деректер бойынша Қ.Қожықов 1880 жылы Перовск уезіне қарасты Кеңтүп болысы «Хан ағашы» мекенінде орта шаруаның отбасында дүниеге келген. Жергілікті өлкетанушылардың айтуынша, бұл қазіргі Сырдария ауданы «Қоғалыкөл» ауылының аумағы. Қоңырқожаның анасы – атақты Әбілқайыр ханның ұрпағы Ерм төренің қызы. Ал әйелі Лотипа – кіші жүздегі Жаппас руынан шыққан Сыр өңіріндегі атақты болыстың бірі Мұнайтыпас Лапыұлының қызы.

«Қоғалыкөл» ауылына жолымыз түсіп бара қалғанда, құймақұлақ ақсақалдар Қоңырқожа Қожықов ауданы «Қоғалыкөл» ауылының аумағы. Қоңырқожаның анасы – атақты Әбілқайыр ханның ұрпағы Ерм төренің қызы. Ал әйелі Лотипа – кіші жүздегі Жаппас руынан шыққан Сыр өңіріндегі атақты болыстың бірі Мұнайтыпас Лапыұлының қызы.

«Қоғалыкөл» ауылына жолымыз түсіп бара қалғанда, құймақұлақ ақсақалдар Қоңырқожа Қожықов ауданы «Қоғалыкөл» ауылының аумағы. Қоңырқожаның анасы – атақты Әбілқайыр ханның ұрпағы Ерм төренің қызы. Ал әйелі Лотипа – кіші жүздегі Жаппас руынан шыққан Сыр өңіріндегі атақты болыстың бірі Мұнайтыпас Лапыұлының қызы.

Ол да – діни сауатты адам. Айша атты қарындасы болған. Қожаррахманның әкесінің аты – Исақожа, Сыр бойына белгілі Алтайбек ахунның немере інісі. Қожаррахманның Қожық ағашының кетуінің себебі, «Қоғалыкөлінің» оңтүстік батысында «Қожық», «Қырық жігіт», «Егізқұм» деген жерлер бар. Осы «Қожықты» ұзақ мекен еткен. Сондықтан болар, замандастары мен ауыл адамдары Қожаррахман демей, ол кісіні Қожық деп атап кеткен. Үлкендерден естугіше, ол жерде Қожық деген елге жағымды, қолы ашық бай отырған. Сол кісінің

құрметіне жер атауы қойылған деген еді.

Ал Қоңырқожаның шын есімі Әбдірахман екен. Өздеріңіз білесіздер, Абайдың, Шоканның азан шақырып қойған аттары айтылмайды ғой. Сол сияқты халық оны Қоңырқожа деп атап кеткен. Олай атаудың себебі, Әбдірахман өте сыйайы, білімді, елгезек, мәдениетті, салмақты, жібек мінезді, барынша орысша сауатты болған. Соған қарай Қоңырқожа деп атап кеткен бе деп ойлаймын, – деген еді ауыл ақсақалы.

Қоңырқожа Қожықов әуел баста «Кеңтүпте» ауыл молдасынан хат таныған. Жастайынан өте алғыр, зерек болып өскен. Ақмешітке келіп (Перовск) қазақ-орыс теміржол жұмысын мектебінде білім алған. Мектепті бітіре салысымен қазақ қоғамында білім саласын дамыту қажеттігін терең түсінеді. Содан Ташкент шаһарына келіп, мұғалімдер семинариясынан білім алады. Семинария қабырғасында жүргенде ағартушылық мамандыққа көп көңіл бөліп, білімді жаңаша жетілдіру, жаңаша оқыту тәсілдерін зерттеуге, жаңа қазақ әліппесін жазуға назар аударып, ұрпақ ізгілігіне күш-білімін жұмсауды ел алдындағы парызы санайды. Білімге деген ізденісі құштарлығын арттырады.

Ол 1904 жылы Ташкент семинариясын бітірісімен Самарқан облысындағы «Үргіт» деген ауылға барып алғашқы мұғалімдік қызметін бастайды. Қызылордаға 1909 жылы оралып, өзі туған «Кеңтүпке» тұңғыш рет асарлатып мектеп салдырады, сонда мұғалім болып ауыл балаларын сауаттандырады. Мектепті салдыруға болыс Мұңайтыпас Лапин қолдау көрсетеді. Ол «Кеңтүп» болысын 17 жылдан астам уақыт басқарған. Болыстыққа 7 ауыл қараған.

Мұнан соң Түркістан қаласы жанындағы «Қарнак» медресесіне мұғалім болуға шақырылады. Өзінің тынымсыз еңбегінің арқасында қазақ балаларының сауатын ашудағы жаңаша бағытын табуға ізденеді. Сол кездегі билік Қоңырқожа Қожықовты Өзбекстанның Әндіжан орыс-түзем мектебіне менгеруші етіп жіберді. Осы жақта ұстаздық ете жүріп, ағарту саласындағы кемшін тұстарды толықтыру мақсатында, қазақ балаларының сауатын ашуда арнайы кітаптың жоктығына байланысты 1912 жылы мұғалімдер мен балаларға арнап араб қарпімен «Әліппе» жазды. Бір жағынан Ресей саясатының түпкі мақсаты орыстандыру екенін ұғынған. «Әліппені» бірнеше бөлімдерге бөлген. Бала назарын тәрбиені аударып, «Жақсы бала», «Қазақ» деген әңгімелерін енгізеді. Бірі тәрбиелі, білімді бала жайлы болса, екіншісі ұлттық құндылықты паш етеді.

Оны Орынбордағы баспагер әрі саясаткер Фатих Каримов қолдап, өз баспасынан жарыққа шығарады. Осы тұста Ахмет Байтұрсынұлымен жолығып, жақын танысып, оқу-ағартудың болашағы, елді сауаттандыру жайында, толғамды ой-пікірлер алмасады.

Осылай оқу-ағарту ісімен айналыса жүріп, ұлттық қозғалыстарға белсене қатысып, қазақ мүддесін көздейтін қоғамдық ұйымдармен тығыз байланыс орнатады. Семинарияда жүргенде-ақ революционер Г.Ваткинмен танысып, алғаш рет «Искра» газетін оқып, Ресей империясының отарлаудағы түпкі саясатын әріден ұғады. Содан бастап өз ұлтының болашағы жарқын болуы үшін жанкештілік жолдан тартынбайды. Құрескерлігі 1912 жылы Мемлекеттік Думаға қазақ өкілін өткізуге Ахмет Байтұрсынұлымен біріге жұмыс жасағанда айқындалды. 1913 жылы екеуі бірге алғаш «Қазақ» газетін шығарды. Сонымен қатар, «Иллития» («Көшпенділер») ұйымын құрып, оған төрағалық етті. Бүкілресейлік Құрылтай жиналысына депутаттыққа кандидат, Түркістан (Қокан) автономиясы үкіметі министрлер кеңесінің жауапты хатшысы қызметін атқарған. Кеңес үкіметі тұсында Ташкенттегі Қазақ ағарту институтының негізін қалаушылардың бірі болып әрі осы оқу орнында дәріс берген. Сондай-ақ 1918 жылдың қарашасында тұңғыш педагогикалық курс ашылғанда Перовскіден оқытушылыққа шақырылады.

Ұлттық кітапхананың сирек кітаптар қорын толтыруға күш салады. Сөйтін Қ.Қожықовтың саяси сахнадағы ролі арта түседі.

1918 жылы 6 қаңтарда ұлт зиялылары біртұтас Қазақ (Алаш) мемлекетін құру мәселесін көтеріп, Сырдария облысы қазақтарының съезін ұйымдастыруда С.Өтегенов, С.Қожанов, Қ.Қожықов, Х.Болғанбаев, С.Алдабергенов сынды қайраткерлер қазақ халқының тұтастығы үшін біріге күрескен. Сөйтін «Алаш» партиясы қатарынан табылады.

1916 жылы Ресей императоры II Николайдың озбырлық саясатына қарсылық ұлт-азаттық көтеріліске айналды. Отарлық биліктің озбырлығына шыдамай туындаған күрестің мән-жайы онсыз да белгілі еді. Ол кезде Әндіжанда ағартушы қызмет атқарып жүрген Қ.Қожықов әскери экспедицияның халықты қалай қырғынға ұшыратқаны жайлы деректерді Дума депутаты М.Шоқайға көрсетіп, Керенскийге екеулеп береді. Негізінде Қожықовтың қоғамдық-саяси қызметі Түркістан өлкесімен тығыз байланысты. Ол 1916 жылы Ташкентте қызмет жасаған тұста қазақ зиялыларының астыртын «Кеңес» ұйымының бюро мүшесі ретінде ұлт-азаттық көтеріліске белсене араласты.

1917 жылы тамызда Ташкент шаһарында өткен Түркістан қазақ-қырғыздарының съезінде съезд төрағасы болып сайланды. Сырдария облысынан құрылтайға депутаттыққа кандидат болды. 1917 жылдың 17 қарашасында Түркістан мұхтарының Халық кеңесінің құрамына енді. Қ.Қожықов Түркістан мен Жетісуға жер-су реформасын тікелей ұйымдастыруға басшылық жасады. 1920 жылы Қырғыз ағарту институтының комитеті құрамына мүше болады.

Қ.Қожықов Қазақтың ұлттық мәдениет институтында істеген жылдарында Алматы, Жетісу өңіріне жиі экспедиция ұйымдастырып, көне қорғандар мен дала ескерткіштерін зерттейді. Зерттеулері 1935 жылдары баспасөз беттерінде жарық көреді. Сондай-ақ Орхон жазуы, Қозы Көрпеш молдасыменКеліншектас,Ақтамсауазөлеңдері туралы құнды ғылыми еңбектер жазғанын айта кеткеніміз жөн. Бұдан басқа да тарихи дүниелерді жинақтап, «Қазақстанның өткен кезеңінің алғашқы бастаулары мен материалдары» деген еңбектің авторларының бірі ретінде шығыс зерттеулерін жүйелейді. Өйткені, ол кісі араб-парсы тілдерін жетік білген.

Ұлт азаттығы жолындағы жалынды күрескер Қоңырқожа Қожықов 1938 жылы халық жауы атанып, атылып кетеді. 1957 жылы жазықсыз деп толықтай ақталды. Жуырда облыстық «Сыр бойы» газетінің 21 қыркүйектегі кезекті нөмірінде «Қызылорда» атауы қалай пайда болды?» деген өлкетанушы-жазушы Жұмабай Байзақовтың материалы жарық көрген болатын. Онда 1925 жылы Қоңырқожа Қожықов Ақмешіт қаласында өткен Қырғыз-Қазақ АКСР кеңесінің бес күнге созылған V съезіне қатысып, онда Ақмешіт қаласының атауын «Қызылорда» деп өзгертуді ойлап тапқаны қызықты баяндалады. Қожықов оның сырын сұрағандарға «Бұл қос қатпарлы атау екі жақты да қанағаттандыруы тиіс. «Қызыл» большевиктерге ұнайды, ал «Орда» – ұлттық атау. Демек, ол жақ та, бұл жақ та кінә арта алмайды» деген екен.

Сөз соңында айтармыз, XX ғасырдың басындағы аласапыран кезеңде ұлт болашағы мен ел келешегінің қамын ойлаған, «Алаш» партиясы қатарындағы тұлғалармен бірге елі үшін қызмет еткен Қоңырқожа Қожықов өз ұлтын шын сүйген ұлы жүректі тұлға екенін атқарған істері айшықтай тұскендей. Оның атына туған жері «Қоғалыкөл» ауылындағы №144 орта мектепті беруді жерлестері бұдан бірнеше жыл бұрын ұсынған болатын. Ол ұсынғыс сол күйінде шешімін таппады. Енді осы ұсынғысқа биліктегі азаматтар қолдау білдірер деген ізгі ниетпен ой қозғағанды жөн көрдік.

Кенжалы ЕРІМБЕТОВ,
Ақпарат саласының үздігі

/// ТАҒЫМ

АЛАШТЫҢ АЛАШЫБАЙЫ ЕДІ...

«Жақсының шарапаты жалпақ елге жетеді» демекші, жүрегінен ізгілік шуағы төгіліп тұратын жайсаң жандар артында өшпейтуғын із бен өлмейтуғын іс қалдырады. Күні кеше тай-құлындай төбісіп бірге өскен, есімін ел-жұрт «Алаштың Алашыбайы» деп атаған айтулы азамат Баймырзаев Алашыбайдың бұл өмірден өткеніне қырық күн де өте шығыпты.



Қашанда қарапайым қалпынан айнымайтын азаматтың адами қасиетін, бойындағы кісілік пен кішілік парасатты көргенде марқайып қалатынбыз. Жайсаң жандарды жақын тартып, жалғандықтан бойын әркез аулақ ұстап, ешкімге ұқсамайтын жүріс-тұрысын көргенде ет-жүрегіміз елжіреп сала беретін еді.

Ел ішінде есімі еленген Алашыбайдың ғұмыр жолына көз салсақ, жоғарыда айтқанымыздай, өмір мен оның өз сыйы домбыраның қос ішегіндегі қабағтасып, сабақтасып жатқанын көресің. Тағдыр талайы оған Аралдың ақ алтынды

мекені Жақсықалың жерінде дүниеге келуді жазыпты. Арал қаласында білім алып, Шымкент қаласында Химия-технология институтын тәмамдады. Одан соң Шымкент, Арал қаласында еңбек жолын бастап, Ақтауда «Ақбөбекпен» аты шықса, Арал ауданында әкім болып елге танылды. Осының бәрі айтуға оңай-ақ, ал оның астарына үңілесек, онда талай қызық та қиын, жауапты да жанкешті, соқпақты жолдар мен жарқын істердің жатқаны аян.

Сол уақыттарды айқындап айтсақ, Аралдан арман қуып келген Алашыбайға Ақтау айқара құшақ ашты. 1981 жылдан бастап 1988 жылға дейін Ақтау қаласында мұнай өнімдері базасы басқармасында инженер, құрылыс базасында директор, басқарманың бөлім бастығы, Жанаөзен қаласында мұнай базасының, тігін фабрикасының директоры қызметтерін абыройлы атқарды. Қырықтың қыркасына шыққан бұл жылдар Алашыбайдың жұлдызы оныңан туған сәттер еді. Осының ізінше Ақтаудағы облыстық жергілікті өнеркәсіп басқармасының басшысы, мұнан соң «Ақбөбек» акционерлік қоғамының президенті қызметтерін атқарады. Осынау өмір жолындағы жылдар шоғырында «Ақбөбектегі» қызметі айрықша.

«Ақбөбек» – Алашыбайдың еңбектегі естен кетпес қолтаңбасы, еліміз тәуелсіздік алған жылдардағы жаңа заманға сай талпыныс толғағынан туған «тұңғышы», ердің елге деген сыйы болатын. Өйткені, Алашыбай елге «Ақбөбек» арқылы танылды. «Ақбөбек» арқылы кәсіпкерліктің көкжиегін кеңейтті.

Арал теңізі тартылғаннан кейін «Көкарал» бөгетін соғып, Кіші теңізді сақтап қалу Арал халқының көңіліндегі арманы еді. Бұл жөнінде көзі қаракты жандар талай ой қозғады. 1992 жылдың қыс айында «Көкарал» бөгеті алғаш қолға алынды. Бірақ, көктемгі тасқын судан бұзылған бөгет бастама көтерушілердің бетін қайтарып тастаған-ды.

Мұнан кейін жерлесіміз Алашыбай Баймырзаев ауданға әкім болып келген тұста, яғни 1996 жылдың жазында «Көкарал» бөгеті екінші рет қолға алынды. Оның осы істі жалғастыруға байланысты бармаған жері, қақпаған есігі қалмады. Баяғы күдік, баяғы күмән, сенімсіздік тағы да алдынан шықты. Тағы да Кіші Аралдың қажеттігін, теңіз-анын қайта тірітуге болатындығын тиісті орындар алдында дәлелдеу керек болды. Тағы да тәуекелдің желқайығына мінуге тура келді.

Ұзындығы 14 шақырымдық алып бөгет құрылысы оңай болған жоқ. Ол уақыттары елдің әлеуеті қазіргіден әлдеқайда төмен. Сонда да болса халық «Көкарал» бөгетін салуға тамшыдай болса да үлес қосып жатты. Нәтижесінде, екі жылда Кіші Аралдың суы Арал қаласына жақындады. «Көкарал» бөгеті арқылы Кішітеңізді сақтауға болатындығына көз жетті. Ақырында бөгет салынды. Кіші Аралға су келді, сумен бірге тіршілік келді. «Ғасыр құрылысы» атанған алып бөгет инженерлік жүйеге келтіріліп, тікелей «САРАТС» жобасы өмірге келді.

Жерлесіміз, экономика ғылымының кандидаты Алашыбай Баймырзаев арманға бай азамат болатын. Оның бірқыздегі бір арманы «Көкарал» бөгеті болса, ол өмірге келді. Одан кейін ол «Жезқазған-Сексеуіл», «Сексеуіл-Бейнеу» теміржолын салуға жоғарыдағылардың көзін жеткізуді мақсат еткен болатын. Бүгіндері «Жезқазған-Сексеуіл», «Сексеуіл-Бейнеу» теміржолы салынып, халықтың игілігіне айналды. Бұл да болса азын-аулақ үлесің қосқан Алашыбайдың арманының орындалғаны болар.

Кезінде ат басын Алматыға бұрған Алашыбай үш шаруа қожалығының жұмысын жолға қойған. «Жетісу-Агро» деп аталатын фирмасы Алматы облысы Іле ауданындағы Шенгелді аймағына орналасқан. Мың шаршы шақырымға жуық жерде ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіреді. Ал «Қазақрооин» деп аталатын екінші фирмасы Баканас жерінде. Онда мал шаруашылығын кәсіп етеді. Нарынқолдағы 2 мың шаршы шақырым жерді алып жатқан «Агро-Ақжар» қожалығы картоп, соя, зығыр, бидай, арпа, сұлы, тағы басқа дақылдар егуді кәсіп етіп, нәсібін ел-халыққа көрсетеді.

«Билік те, байлық та уақытша, ал менің басты байлығым – ұрпағым» деген, Алашыбайдың өмір жолы ғана емес, өнегелі де өркенді отбасы ұрпаққа ұлағат мектебі іспетті. Жұбайы Ләззат – дәрігер, асыл ана. Екі ұлы – Алматы пен Берік кәсіпкерлікті жалғастырып, бүгінде елімізде ғана емес, шетелдерде өз кәсіптерін жүргізіп жүр.

Жетпіс үш жасында өмірден өткен арда азаматтың артында сәуелі сәттері, алған асулары мен шыққан шыңы, ұлағатты ұрпағы қалды.

Несін жасырайық, «Алаштың Алашыбайы» атанған оның орны ортамызда ойсырап-ақ тұр. Десе де, ардақты да айтулы азаматтың ел-жұрты үшін жасаған игі істері үзілмей, ұрпақтар сабақтастығымен жалғаса береріне біз сенімдіміз.

Болатбек ПУСЫРМАНОВ,
«Құрмет» орденінің иегері,
Қазалы, Арал аудандарының Құрметті азаматы,
Еркін ӘБІЛ,
жазушы-журналист,
Арал ауданының Құрметті азаматы



Аймақ әрқарсағым естінде байланып Г.Әбішев

МЕДИЦИНА: Жетістік және жауапкершілік

Көңіл қуантқан көрсеткіштер

Күтілетін өмір сүрудің орташа ұзақтығы еліміздің демографиялық дамуының өлшемі ретінде танылады. Былтыр нысаналы индикатор 73,8 болатын. Межеге жету мақсатында ана мен бала өлімінің көрсеткіші, қанайналым жүйесі, онкологиялық аурулар, туберкулез бен жаракаттану көрсеткіштерін төмендетуге, халық арасындағы өлім-жітім мен мүгедектіктің себеп-салдарын анықтап, төмендетуге бағытталып атқарылған жұмыстардың нәтижесінде күтілетін өмір сүрудің орташа көрсеткіші 74,21-ден 74,58 жасқа артқан.

Былтыр 9 айдың қорытындысында денсаулық сақтау саласының негізгі көрсеткіштерінен оң динамика байқалады. Атап айтқанда, жалпы өлім-жітім көрсеткіші 2,7%, тубер-

медицина ұйымдары өз қаражаты есебінен жоғары оқу орындарында 6 резидент оқытуда. Бұл шаралар өз кезегінде маман тапшылығын мейлінше азайтуға мүмкіндік береді, – дейді облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Олжас Ысқақов.

Облыста медицина қызметкерлерінің біліктілігін арттыруға ерекше көңіл бөлінуде. Быыл жергілікті бюджеттен 64 млн теңге қаралып, 590 дәрігер және 738 орта буын медицина қызметкері Ұлттық акушерия, гинекология және перинатология ғылыми орталығы, Астана медицина университеті ғалымдары мен «Қазақстан жоғары қоғамдық денсаулық сақтау мектебі» мамандарынан оқыды. Біліктілік арттыруда басымдық ана мен бала денсаулығын сақтау саласына берілген.

– Кейінгі 5-6 жылда тоқтап қал-

бейінді облыстық ауруханасында 3 бүйрек трансплантациясы, биылдың өзінде 6 трансплантация жасалды. Жақында бауыр трансплантациясы отасын жасауға дайындық жұмыстары жүргізілуде.

Шалғай елді мекендердегі тұрғындарға 6 жылжымалы медициналық кешен ұйымдастырылған.

Инфрақұрылымды дамыту – игі бастама

Қазіргі кезде салада маңызды жобалар жүзеге асырылуда. Мемлекет басшысы медицина инфрақұрылымын дамыту маңызды міндет екенін, медициналық инфрақұрылымды кешенді түрде жақсартуға баса назар аудару қажет екенін айтып, нақты міндеттер жүктеп келеді. Осыған байланысты облыстық денсаулық сақтау саласының инфрақұрылымын дамыту стратегиясын әзірлеуге бюджеттен 32 млн теңге қаражат бөлініп, жоспар әзірленуде.

Президент тапсырмасына сәйкес «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы былтырдан бері жүзеге асырылуда. Негізгі мақсат – ауыл тұрғындарына медициналық көмек көрсету деңгейін көтере отырып, дені сау ұлт қалыптастыру.

Былтыр жалпы құны 48,6 млрд теңгені құрайтын 21 денсаулық сақтау нысанының құрылысы жүргізілді. Ал былтыр 12,5 млрд теңге қаржы бөлініп, 20 нысанның құрылысы жүргізілуде.

Ұлттық жоба аясында келер жылы Арал ауданындағы 46 төсек-орынға арналған көпбейінді аудандық орталық аурухана бөлімшесінің қосымша құрылысы, 25 төсек-орынға арналған Арал көпбейінді аудандық орталық ауруханасының инфрақұрылым бөлімше құрылысы, Жаңақорған көпбейінді аудандық орталық ауруханасы ғимаратының қосымша құрылысын, Қазалы көпбейінді аудандық орталық ауруханасы ғимаратының қосымша құрылысы басталады деп күтілуде.

Былтыр 9 нысанға күрделі жөндеу жасалса, былтыр жалпы құны 318,2 млн теңгеге 6 нысанның жылу жүйелерін газға ауыстыру жұмыстары жүргізілуде.

Денсаулық сақтау ұйымдарын материалдық-техникалық жабдықтармен қамтамасыз ету үшін былтыр 5,1 млрд теңге қаржы қаралып, жабдықтау деңгейі 84 пайыздан 87,10 пайызға дейін көтерілді. Республикалық көрсеткіш 85,6 пайызды құрайды. Быыл бұл мақсатқа 4,6 млрд теңге бөлінген.

– Медициналық көмек көрсетудің басты принципі – қолжетімділік. Осы орайда халықтың сұранысына сәйкес медицина ұйымдарының автопаркі жаңартылды. Биылдың өзінде лизинг арқылы елді мекендердегі денсаулық сақтау ұйымдарына 200 санитарлық автокөлік алынды. Осылайша, елді мекендерде санитарлық автокөлікпен қамту мәселесі түбегейлі шешілді, – дейді Олжас Ермекұлы.

Еліміздің басты құндылығы – адам. Ұлт саулығы жақсы болса ғана, қоғам орнықты дамиды. Облыстың денсаулық сақтау саласындағы ауқымды жұмыс пен игі бастамалардың барлығы тұрғындар саулығы үшін жасалуда. Бұл жұмыстар жалғаса бермек.

Айнұр БАТТАЛОВА,
«Сыр бойы»

/// Н.ИСАБАЕВ – 70

ТАҒДЫРЛЫ ТАЛАНТ, ҚАЖЫРЛЫ ҚАЛАМҒЕР



Сыр топырағынан түлеген шығармашылық өкілдерінің бірі, Қазақстан Жазушылар одағының және «О.Жандосов қоры» сыйлығының иегері, Мәдениет қайраткері, бірнеше кітаптың авторы Нұртас Исабаев биыл 70 жасқа толып отыр.

Ол 1954 жылы Жаңақорған ауданында дүниеге келген. Орта мектепті бітіргеннен кейін еңбек жолын аудандық газетте корректорлықтан бастап, шығармашылық ортада қолына қалам алып, көркем әдебиетке көңіл аударды. Арманы биік жас жігіт Мәскеудегі М.Горький атындағы Әдебиет институтына оқуға түседі. Төртінші курста жүргенде тағдырдың тосын сынына ұшырап, ауылға келген сапарында жол апатына түседі. Денсаулығынан ауыр зардап шеккен жап-жас жігіт арбаға танылды.

Әйтсе де қиындыққа қарсы тұрып, 1982 жылы Мәскеуге барып, дипломын қорғап, оқуын бітірді. Осы жылдары оның «Бастау» атты алғашқы жыр жинағы жарыққа шықты.

Қалам иесі жанын азапқа салған дерттің дауасын тек шығармашылықтан тапты. Өмірге деген шексіз құштарлығын өлеңдерімен өрнектеп, әндеріне арқау етті. Соның айғағы, әр жылдары «Өмірді сүю», «Ұлылықпен сырласу», «Қимаймын сені», «Самғау» атты кітаптары басыдан шығып, оқырманмен қауышты. Одан бөлек, «Разбег» атты орыс тіліндегі ұжымдық жинаққа бір топ өлеңдері енген. Орыс ақыны Александр Твардовскийдің өлеңдерін қазақ тіліне аударып, жариялаған. Бүгінде ақын Н.Исабаев – көптеген танымал әндердің авторы.

– Бақытты жан неге өлең жазбайды? Бұл өмірде деймісіндер аз қайғы? Ғашық болсаң сұлулыққа, өмірге, Жүрегіңде сезім лаулап, маздайды.

Бақытты жан неге өлең жазбасын, Ойлай ма екен, аялға жалғыз өз басын? Бақыттымын деп қуанып, жыр жазам, Махаббаттың оты лаулап, маздасын, – деп жырлаған ақын жан дертінің дауасын жырдап тапқандай болады.

Қаламгер бір сұхбатында Мәскеудегі оқу орында диплом қорғап жүргенде қасында сол институтта бірге оқитын Тыва елінің Елена есімді қыз болғанын, оның көп көмегі тигенін айтады. Сол сапарында екеуі институт берген жолдас-мамен Қырымда бір ай демалып, көңілдері жарасын, отау құрады. Елге бірге қайтады. Сол бір шаттыққа толы шабытты шақ оның өміріндегі бақытты сәттердің бірі болатын.

Алайда туып-өскен шаңырағына келгенде әкесі дүние салып, тағы да ауыр кезеңдерді басынан өткерді. Шындығында, перзентінің басына түскен қиындыққа әке жүрегі шыда бер алмаған еді...

Көп ұзамай қайғының орнын қуаныш басып, шаңырағын бақытқа бөлеп, сәби өмірге келді. Қазір сол қыздан немерелер сүйіп отыр. «Адам ұрпағымен мың жасайды» дегендей, қаламгердің бүгінгі өмірінің мәні – балалары. Осынау терең сезімді жыр шумақтарымен былайша суреттейді:

– Шіе биыл ауытқып ережеден,
Жеміс бермес деп едім тере жеген.

О, ғажайып, самсап тұр шиелері,
Таң атқанда қарасам терезеден!

Түйнек салған екен ғой шиі гүлден,
Жаз келгенде көк көйлек кие күлген.
Қарай берем, қып-қызыл жемістерге,
Осы екен ғой өмірді сүйе білген!

Алматыдағы әдеби орта қаламгер Н.Исабаевпен үнемі байланыста болып, қиын шақтарда қолдау көрсетеді. Жан дүниесі жарасқан жас жұбайлар туралы «Жас Алаш» газетінде арнайы мақала жариялап, дүйім жұртқа таныстырады. Ал аудандық газет бетінде автордың өлеңдері дүркін-дүркін шығып жататын. Осындай күндердің бірінде ел астанасы – Алматыдан ақжолтай жаналық жеткен еді. Дәлірек айтсақ, Қазақстан Жазушылар одағының ұсынсымен, республикалық комсомол комитетінің сол кездегі бірінші хатшысы С.Әбдірахмановтың қолдауымен, Алматы қаласынан екі бөлмелі пәтерге ие болды.

Адамды алға жетелейтін биік мақсат, берік сенім және соған лайықты ерік-жігер! Ақын Нұртас Исабаев екі аяғын тең басып жүре алмаса да, ел қатарынан қалмай, арман-мақсатына аса құштарлықпен қол созып, шығармашылық әлемінде өзіндік қолтаңбасын қалдыра білді. Бірнеше жыр жинақтары мен «Өмірге құштарлық» атты романын оқырман қауым жылы бақылады.

– Бақытыма болмайын аса масаң,
Не болғаным женілді тасаласам?
Адам болып несіне ғұмыр кешем,
Өмірімде бір ерлік жасамасам, – деген жыр шумағынан осындай ой мазмұны мен табындылықты танығандай боласыз.

«Өміріме мән, мағына берген өленім. Шығармашылығым қиын күндерде көңілімді аулап, жағдайымды жеңілдетті, көп уайымнан құтқарды. Ауруханада төсекке таңылып жатқан кезімде де өлең жазуды тоқтатқан жоқпын. Өлең менің сырласым, іштегі шерімді шығаратын, қуаныш пен мұңымды бөлісетін айнымас досым болды. Ешкімге айтпайтын сырымды, сезімді соған айтамын. Еліммен сол арқылы тілдесемін. Ол алдыма үлкен мақсат қойып, соған ұмтылдырды, алға жетеледі, өмірге құштарлығымды лаулапты. Жаксы өлең жазған кезде өзіндік бақытты сезінісің» деп сыр ашты ақын Нұртас Исабаев.

Ақын, Мемлекеттік сыйлық иегері Ұлықбек Есдәулет қайсар қаламгердің болмысын былайша жыр жолдарымен жеткізген екен:

Дүние жерге айналып түскен
ұршықсыз,
Шілінгір шөлде кірпіктен құлар
ыршып тұз.
Сарқылмай қалған бір бұлақ болса
жапанда,

Ол сенің ғана бұлағың болар кіршіксіз!
Тағдырлы талант, қажырлы қаламгер
жайлы айтар сөзің тобықтай түйіні де
осы болса керек!

Ғазиза ӘБІЛДА,
«Сыр бойы»

БҮГІНДЕ ОБЛЫСТА

2582

дәрігер және
9988 орта буын
маман қызмет
етеді

кулездің аурушандық көрсеткіші 9,3%, туберкулездің өлім-жітім көрсеткіші 22,2%, қатерлі ісіктердің аурушандық көрсеткіші 3,8%, қатерлі ісіктердің өлім-жітім көрсеткіші 11,7%, жүрек-қанайналым жүйесінің аурушандық көрсеткіші 0,4%, жүрек-қанайналым жүйесінің өлім-жітім көрсеткіші 13,1% төмендесе, ана өлімі тіркелмеген.

Кадрдың қадірі

Осы жылдың 1 қазанындағы мәлімет бойынша, облыстағы бастапқы медициналық-санитариялық көмек көрсету ұйымдарына 821 376 тұрғын тіркелген. Облыс халқына 25 стационарлық (19 мемлекеттік, 6 жеке), 25 амбулаториялық-емханалық (14 мемлекеттік, 11 жеке), 102 дәрігерлік амбулатория, 27 фельдшерлік-акушерлік бекет, 93 медициналық бекет қызмет көрсетеді.

Халықтың медициналық мекемелер ұсынатын қызметтердің сапасы мен қолжетімділігіне қанағаттану деңгейі былтыр 2022 жылмен салыстырғанда 7,9% жоғарылап, 58,3-ті құрады. Бұл көрсеткіш республика деңгейінен жоғары (ҚР – 56,5).

Бүгінде облыста 2582 дәрігер және 9988 орта буын маман қызмет етеді.

Былтыр 58 дәрігер жұмысқа қабылданып, олардың 55,1% елді мекендерге жолдана, былтыр 57 жас маман келіп, олардың 40,3%-ы елді мекендерге жіберілген.

– Медициналық көмектің сапасына әрине, кадрлық әлеует есер етеді. Маман тапшылығын азайту бағытында кешенді іс-шаралар жүзеге асырылуда. Атап айтқанда, 2016 жылдан бері өңірге аса қажетті медицина мамандықтары бойынша 176 резидентке облыс әкімінің гранты тағайындалса, 2017-2021 жылдар аралығында медицина саласында сұранысқа ие «Жалпы медицина» мамандығы бойынша маман даярлауға облыс әкімінің 177 білім беру гранты бөлінді. Одан бөлек,

ған медицина қызметкерлерінің біліктілігін шетелде арттыру үшін жергілікті бюджеттен 80 млн теңге бөлінді. Соның арқасында құрылық айында 8 маман Ресейде біліктілігін арттырса, қараша айында 6 маман Беларусь мемлекетінде білімін көтерді. Одан бөлек, Түркиядағы ҚР елшісінің қолдауымен былтыр сәуір айында 10 реаниматолог, 5 кардиолог Түркия елінде 2 апта бойы ақысыз негізде біліктілігін арттырды. Айта кету керек, былтыр жергілікті бюджет есебінен 89 млн теңгеге орта буын медицина мамандарын дайындайтын іргелі оқу орнының бірі – Қызылорда медициналық жоғары колледжі заманауи материалдық-техникалық құрал-жабдықтармен жабдықталды. Облыста алғаш рет Шиели аудандық көпбейінді орталық ауруханасында «Үздік тәжірибелік орталық» ашылды. Орталық қолжетімділікті және нәтижелілікті, сондай-ақ адам денсаулығына қамқорлық жасауға бағытталған кешенді медициналық, әлеуметтік-психологиялық көмекті қамтамасыз етеді. Алдағы уақытта мұндай орталықты №3, 6 қалалық емханаларда және Жалағаш аудандық ауруханасында ашу жоспарда бар, – деп атап өтті басқарма басшысы.

Жүйелі іс жетістікке бастайды

Жас аналарға жоғары мамандандырылған медициналық көмектің қолжетімділігін арттыру үшін былтыр көпбейінді облыстық аурухана жанынан 70 төсектік босану бөлімшесі ашылса, облыстық перинаталдық орталық базасында ұрықтың перинаталдық-диагностикалық сапасын жақсарту, балалар арасында аурушандық пен мүгедектікті уақытылы диагностикалау және алдын алу, ұрықтың туа біткен даму кемістігінен нәресте өлімін азайту мақсатында «Бір күндік клиника» пилоттық жобасы іске қосылды. Араға 9 жыл салып А.Сызғанов атындағы Ұлттық ғылыми-хирургия орталығы мамандарының жетекшілігімен көп-

Электр энергиясы тұтынушыларының назарына!

Электр энергетика саласындағы ҚР Заңдылықтарына енгізілген өзгерістер негізінде («Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жылу энергетикасы, электр энергетикасы және реттеліп көрсетілетін қызметтер мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2024 жылғы 8 шілдедегі № 121-VIII ҚРЗ Қазақстан Республикасының Заңы) энергиямен жабдықтаушы мекемелер «Энергосервис» ЕЖШС, «Шиели жарығы» ЖШС және «Даулетэнерго» ЖШС энергиямен жабдықтау бойынша өз қызметтерін 01.01.2025 жылдан бастап тоқтатады және 01.01.2025 жылдан бастап Қызылорда облысының тұтынушыларын энергиямен жабдықтау функциясы «Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» АҚ-на өтеді.

Осыған байланысты, электр энергиясының тұтынушыларына 31.12.2024 жылға дейін «КЭТТК» АҚ-мен энергиямен жабдықтау шартын жасасу қажет.

Тұрмыстық тұтынушылар үшін энергиямен жабдықтау шарты жариялы болғандықтан (ҚР Азаматтық Кодексінің 387-бабы) келісім-шарт

БАҚ арқылы жарияланады. Бюджеттік ұйымдар 2024 жылдың соңына дейін «Мемлекеттік сатып алу туралы» ҚР Заңының 39-бабы 3-тармағының 1-тармақшасына сәйкес «КЭТТК» АҚ-мен 2025 жылға арналған электр энергиясын сатып алуға тікелей шарт жасау арқылы «бір көзден алу» тәсілімен мемлекеттік сатып алу шартын жасауға құқылы екендігін назарға саламыз.

«КЭТТК» АҚ-ы және оның аудандық бөлімшелері офисінің мекен-жайы: Қызылорда қ-сы, Әйтеке би к-сі, 25; Арал қ-сы, Водоканал к-сі н/з; Әйтеке би кенті, Бөрікүлов к-сі, 102; Жосалы кенті, Болашақ к-сі, 1; Төретам кенті, 9-алаң, РС-14; Жалағаш кенті, Мырзалиев к-сі, 22; Тереңөзек кенті, Әлиқабаров к-сі, 70; Шиели кенті, «Көкшоқы» м/а, 13/1а; Жаңақорған кенті, Шонабаев к-сі н/з;

«КЭТТК» АҚ Әкімшілігі

Анықтама телефоны:
8 /7242/ 400660 (ішкі 22-10)

/// МҮШӘЙРА

ЖЫР АРҚАУЫ – ЕРЛІК ЖОЛЫ

Ө.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап-ғылыми кітапханасында Жанқожа батырдың 250 жылдығына орай «Елдіктің туын желбіреткен қаһарман» атты жыр мүшәйрасы өтті.

Алдымен деректі фильмнен үзінді көрсетіліп, батырдың ерлік жолы насихатталды. Сонымен қатар филология ғылымдарының кандидаты, жанқожа танушы ғалым Нұрлан Нұрмахановтың «Тарихи өлең-жырлар мен дастандардағы Жанқожа батыр тұлғасы» атты монографиясының таныстырылымы өтті. Кеш одан әрі батырдың жорықтас серігі Бекмырза Әлдіұлы жайында жазылған өлкетанушы Болатбек Қуатовтың «Халқы қалаған хан Бекмырза» атты кітаптың таныстырылымына жалғасты.

Жыр мүшәйрасына ақындар Қаршыға Есімсейітова, Оңталап Базаралы және Нұрлан Көбегенұлы қазылық жасады.

Елдік дәстүр, отаншылдық қасиет пен батыр баба ерлігін насихаттауға арналған өлең бәйгесіне 9 ақын қатысып, өзара бақ сынады.

Жарыс қорытындысы бойынша аралық Айдар Сайлауов жеңімпаз атанды. Екінші орын жүлдесін қызылордалық Бексұлтан Санақұл еншіледі. Үшінші орынға қармақшылық Нұркелді Өтепбергелі лайық деп танылды. Барлық қатысушы ақындарға дипломдар мен қаржылай сыйлық табысталды.

Кеш аясында Жанқожа Нұрмұхаммедұлы атындағы қоғамдық қор төрағасының орынбасары Марат Аралбаев бірқатар азаматтарды «Жанқожа батыр – 250» мерейтойлық медалмен марапаттап, сый-сияпат табыстады.

Шара қорытындысында кеш қонақтары «Баба ерлігі – ұрпаққа өнеге» атты кітап көрмесімен танысты.

«СБ» ақпарат

/// БАЙҚАУ

БАЙКЕНЖЕЕВТІҢ БАЙ МҰРАСЫ



Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мәдениет қызметкері Бексұлтан Байкенежеевтің 75 жылдығына орай Жаңақорған ауданы әкімдігінің қолдауымен аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі мен облыстық халық шығармашылығын дамыту және мәдени-продюсерлік орталығының ұйымдастыруымен Манап Көкенов атындағы мәдениет үйінде әнші-сазгерлердің «Сырдария» атты II республикалық конкурсы өз мәресіне жетті.

Әншіліктің ұлттық бояуы мен өрнегі бұзылмай сақталған Сыр өңірінде қазақ өнерінің дамуына өлшеусіз үлес қосқан, халқына қалтқысыз қызмет етіп, небәрі 44 жасында бақилық болған Бексұлтан Байкенежеевтің шығармашылығына арналған республикалық байқау өнерпаздар мен қатар аудан тұрғындарын да тәнтті етті. Сонау жетпісінші жылдары болашақ композитор алғаш рет «Ақ баян» әнімен танылып, оны күміс көмей әнші Мәдина Ералиева республика көлеміне алып шығып еді. Талантты өнерпаз іле-шала «Ақ гүлім», «Ақ шолпан» әндерімен қатар «Құда болып жүрейік» әнімен тыңдарман жүрегін жаулады. Осылайша өнер әлеміне келген жаңақорғандық өнерпаздың есімі елге кеңінен танылды. Аталған дәстүрді қазір сазгердің

ұлы Әбсұлтан Бексұлтанұлы лайықты жалғастырып келеді. Сонымен әнші-композитор Бексұлтаннның шығармашылығына арналған байқауда әнші-сазгерлер мен әуесқой әншілер баян аспабының сүйемелдеуімен және халықтық нақыштағы әуендер орындауымен өнер сайысына түсті. Оған Алматы, Атырау, Түркістан облысы мен Сыр өңірінің өзінен бірнеше талапкерлер қатысып, бақ сынады.

Республикалық байқаудың қазылар алқасына Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, әнші-композитор Дүйсенхан Сыздықов төрағалық етті. Екі кезеңде өткен республикалық конкурстың қорытындысы бойынша бас жүлдені Айбек Шүкіров (Қызылорда қаласы) иеленсе, I орын Берік Амантаевқа (Атырау облысы) берілді. Ал II орынға Мұқасан Асқар-

ұлы (Шымкент қаласы), III орынға Жаркынбай Деріпсалдин (Қостанай облысы) көтерілді. Сондай-ақ, әдемі өнер көрсеткен «Түркістан» триосы да көрермендер көңілінен шықты. Оза шапқан жүйріктерге алған орындарына сай қаржылай сыйлықтар табысталды.

Байқау соңында қазылар алқасының төрағасы Дүйсенхан Сыздықов, әнші, композитордың шәкірті Сауранбек Елеуов, қазылар алқасының мүшесі, Мәдениет саласының үздігі Бағдауыл Есмұрзаева өз пайымдарын ортаға салды.

Әнші-композитордың шығармашылығына арналған салтанатқа жұртшылықтың сүйікті әншілері, Мәдениет қайраткері Үміт Медеуова және Мәдениет саласының үздігі Эльмира Қалқожаева арнайы келіп, Байкенежеевтің әсем әндерін тамылжыта орындады.

Талантты бағалай білетін елжұрты барда Бексұлтаннның туындылары кейінгі ізбасарларының орындауымен халық жүрегіне сақталып, өміршең бола бермек.

Н. НАЗЫМХАНҰЛЫ.
Жаңақорған ауданы

/// ӨРКЕН

МӘДЕНИ ІС-ШАРАЛАР – МАҢЫЗДЫ БАҒЫТ

Қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі мәдениет, театр, өнер, кітапхана, тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану, мемлекеттік және басқа тілдерді дамыту бойынша жұмыс жүргізуде.

Биылғы он айда 966 мәдени-көпшілік іс-шара өткізіліп, оған 159 841 көрермен тартылған. Мемлекеттік тіл саясаты бағытында да біршама жұмыстар атқарылуда. Негізгі мақсат – мемлекеттік тіл мәртебесін көтеру және дамыту. Бөлім мемлекеттік мекемелердің құжат айналымын мемлекеттік тілде жүргізу мониторингті қолға алған. Нәтижесінде құжат айналымының мемлекеттік тілде жүргізілуі 100 пайызға жеткен. Бұл – тілдік құрылымның тұтастығы мен мәртебесінің көрінісі.

Бөлімнің үйлестіруімен ономастика жұмыстары да қарқынды дамып келеді. Бүгінде қала аумағында комиссия шешімімен нақтыланған 1199 көше бар. Оның 772-сі қалада, 427-сі ауылдық округтерде, 440-ы адам атымен аталса, 223-і тарихи жер-су атауларын иеленген, 109 көшеге шартты атау берілген. Ал ауылдық округтерде 208-ке кісі есіммен, 67-сі тарихи жер-су атауымен аталады, 152 көшеге шартты атау берілген.

Көшелердегі көрнекі ақпарат бойынша да жұмыстар жасалуда. Зерделеу жұмыстарының қорытындысымен мейрамханалар мен дәмханалардың ас мәзірін мемлекеттік тілде жазу ісі 91 пайызға жеткен. Бұл – біздің бөлімнің бір ғана жұмысы. Алда жүйелі жұмыстар қарқынды іске асырыла бермек, – дейді бөлім басшысы Жағыпар Тәжмаханов.

Мәдениет бөлімі – ұлт руханиятының шырақшысы, өнердің тұма бұлағы іспетті. Қаншама талантты шәкірттің

түлеп ұшқан тұғыры клуб үйлеріндегі үйірмелер екені мәлім.

Қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөліміне қарасты А.Токмағамбетов атындағы қалалық мәдениет үйінде 18 үйірме жұмыс жасайды. Балалар мен жасөспірімдердің қызығушылығын арттырып, талантты шаңдау мақсатында түрлі байқаулар ұйымдастырылуда. Нәтижесінде жас жеткіншектер жүлделі орындардан көрініп келеді. Бұл – білімді де, тәжірибелі ұстаздар жұмысының жемісі.

Үйірме мүшелері байқаулардан жеңімпаз атануда. Клуб үйлері жанынан құрылған үйірмелердің міндеті де сол – жастарды шараларға кеңінен қатыстыра отырып, өнер жолына баулу.

Республикалық «TANM ART» өнер байқауында Әбілхан Әнуархан «Көркемсөз» номинациясы бойынша I-орын иеленіп, Сыр мәдениетінің мерейін үстем етті. Вокал үйірмесі бойынша XIV Халықаралық қолжарлық «Самға әуен» шығармашылық байқауында Малика Адеханова жеңімпаз атанды. «Арайлы» би тобы және «Ақмағал» би студиясы «Тау сұлулары» биімен гран при иегері атанды. «Қауырсын» жас ақындар үйірмесінің мүшесі, ақын Бексұлтан Санақұл Социалистік Еңбек Ері Балдырған Мұстапаеваның 85 жылдығына орай өткен «Еңбекпен данқы өрлеген» атты облыстық жазба ақындар мүшәйрасында бас жүлде иеленді. «Айтқы олимпиадасы» атты облыстық оқушылар айтқысына Салтанат Жаппасбай қатысып, жыр жәрмеңкесінің жеңімпазы атанды.

«Сырлы саз» фольклорлық ансам-



блі жанры бойынша да жерлестеріміз жүлделі орындар көрініп жүр. Атап айтар болсақ, Ұлытау облысында өткен «Ұлытау үні» атты I республикалық мульти аспапшылар байқауында Руслан Бурабай арнайы жүлде иеленді. «Сыр сандуғаштары» вокал үйірмесінің шәкірттері Ташкент қаласында өткен «Шығыстың раушан гүлдері» атты халықаралық конкурста Муслима Дарханқызы үздіктер қатарынан көрініп, жүлделі 3-орын алса, Айару Дидарқызы I-орын, Қарақат Бектемір дипломант атанды.

«Мереке-думан» халықтық әзіл-сықақ отауы Арал ауданында өткен Қ.Сұлтанбаевтың 75 жылдығына арналған «Күлкі-думан» атты әзіл-сықақ отаулары арасындағы республикалық байқауда 3-орын иеленді. Ал «Ұлағат»



ата-әжелер ансамблінің мүшесі Ізімкүл Төлебай Шиеді ауданының Құрметті азаматы, еңбек ардагері Ұлпан Мәмірәлиеваның 100 жылдығына арналған «Биби-Ана» атты облыстық байқауда 3-орын иеленіп, үздіктер қатарынан көрінді.

Бұл – өнер мен мәдениетке жасалып жатқан игі қамқорлықтың арқасында жүзеге асырылған шаралар.

Бөлім басшысының айтуынша, биылғы 10 айда 11 қойылым сахналанып, оған 4440 көрермен қатыстырылған. Өткен жылы қалалық мәдениет бөлімі құрылымына жылжымалы сахна мен дыбыс күшейткіш құрылғылары сатып алынды.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ,
«Сыр бойы»

Сара АДАЙБАЕВА,
«Сыр бойы»

www.facebook.com/syrboyi.kz/

<https://twitter.com/syrboyi>

www.instagram.com/syrboyi_kz

Меншік иесі
СЫР МЕДИА

жауапкершілігі шектеулі серіктестірі

БАС ДИРЕКТОР
Марат АРАЛБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015)
«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 "А". e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

Таралымы 22979

Тапсырыс №1809

Кезекші редактор Аружан ЕРАЛЫ